

## Астыққа экспорт салығын салуға әлі ерте

Мемлекет басшысы үн шығаратын кәсіпкерлер үшін субсидия механизмін қайта іске қосу керектігін айтты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жасаған жұмыс сапары барысында өңірдегі ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп салаларының жай-күйімен, инвестициялық жобалармен танысты әрі алда тұрған ауқымды міндеттерді нақтылады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Солтүстік Қазақстан облысына жасаған жұмыс сапары Қызылжар ауданы Бәйтерек ауылындағы «Сервис Жарс» ЖШС-нің ауыл шаруашылығы алқабына барудан басталды. Мемлекет басшысы кәсіпорынға қарасты егістік жерлердің жағдайымен танысып, егін жинау жұмыстарына пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникаларын көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жетекшілерімен және механизмдермен әңгімелесу барысында биылғы Жолдауында бұл сала бойынша тиісті міндеттер жүктелгенін еске салды.

– Біз субсидия саласындағы саясатымызды жетілдіріп, реттеуіміз керек. Аталған мәселеге Жолдауында арнайы тоқталдым. Бұл жерде бәрі айқын болуы керек. Болашақта субсидиялар мүлдем жойылып, оның орнына пайызы төмен несиелер болады деген пікір бар. Алайда қазіргі уақытта біз ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қолдау көрсетуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт

Тоқаев дайын әрі өңделген өнімнің, соның ішінде ұнның экспортқа шығарылу көлемі төмендегенін атап өтіп, қолайлы тариф саясаты қажет екеніне назар аударды.

– Біз дәстүрлі түрде Өзбекстан, Түрікменстан, Ауғанстан елдерінің нарығына үн жеткіземіз. Жалпы, Үкімет, Сауда министрлігі тарифті реттеу мәселесімен нақты айналысуға тиіс. Үкімет келешекте астыққа экспорт салығын енгізу мәселесін көтеріп отыр. Бірақ қазір қалыптасқан ахуалды ескере отырып, бұған әлі ерте деп ойлаймын. Сондықтан тауар өндірушілерге, әсіресе, үн шығаратын кәсіпкерлер үшін субсидия механизмін қайта іске қосуымыз керек. Біз қосымша құнынң деңгейі жоғары дайын әрі өңделген өнімдерді экспорттауға тиіспіз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы агро-өнеркәсіп кешенінің озық техникамен қамтамасыз етуі қажет екеніне назар аударды.

– Үкімет ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін осындай техникалармен қамтамасыз етуге көмек беруі керек. Егер заманауи техника болмаса, біздің ауыл шаруашылығымыз дамайыды. Бұл – анық дүние. Сондықтан



Үкімет менің тапсырмам бойынша тиісті жұмыстарды жалғастырады. Екіншіден, бұл техникалар ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне қолжетімді болуы керек. Несиеге қатысты саясат жағдайы туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловтың есебін тыңдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыратын CLAAS зауытына барды. Президентке зауытта

әлеуметтік-экономикалық дамуымен агро-өнеркәсіп кешенінің жағдайы туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловтың есебін тыңдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыратын CLAAS зауытына барды. Президентке зауытта

құрастырылған астық жинайтын тракторлар, комбайндар мен тұқым себетін техникалар көрсетіліп, кәсіпорынды одан әрі дамыту жоспарлары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы CLAAS компаниясының халықаралық беделін жоғары бағалап, германиялық концернмен ұзақмерзімді ынтымақтастық орнату қажет екенін атап өтті.

– CLAAS өнімдерінің Қазақстан нарығына келуі – бұл үлкен жетістік. Бұны өте ірі инвестициялық оқиға деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент осы өңірде бірқатар жобаларды жүзеге асырып жатқан шетелдік инвесторлармен кездесті.

(Соңы 2-бетте)

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Н.А.Ноғаев туралы

Нұрлан Асқарұлы Ноғаев Маңғыстау облысының әкімі болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасының Энергетика министрі лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 7 қыркүйек  
№ 654

### ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Серікбай Өтелгенұлы Трумов Маңғыстау облысының әкімі лауазымынан босатылды.

### КӨКЕЙКЕСТІ

## Банктердің «өбектеусіз» өскені жөн

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында стресті активтерді төмендету бойынша жұмыс істеп, банктерге қатысты айтылып жүрген көптеген мәселеге заңмен нүкте қою қажеттігін ескертті. Бұл – көптің көкейінде көптен жүрген мәселе екені белгілі.

### Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Мәселені әріден бастасак, 2019 жылы банк секторының активтер сапасын бағалау (AssetQualityReview – AQR) процесі жұртшылықтың көз алдында өтті. Банктердің проблемалы активтерін жеңілдету үшін кредиттік амнистия жарияланды. AQR нәтижелері бойынша, тәуекел аймағында болған банктер бір-біріне жұтылмай-ақ шықты. Бұл жағдай қаржы секторының 2008-2018 жылдардағы дағдарыстан ес жиып қалғанын, мемлекеттің қолдауынсыз жұмыс істеуге дайын екенін көрсетті.

Алайда Ұлттық банк жекешеленбей тұрып, банктер мемлекеттің ықпалынан шыға алмайды. Сарапшылар да тоқтамды пікір айтуға асықпай отыр. Қаржыгер Ерлан Ибрагимнің айтқанына ден қойсақ, мұның нәтижесін ертерек сезу үшін біраз мәселені қайта құрылымдау қажет. Соның ішіндегі ең өзектісі – Ұлттық банкті жекешелендіру. «Ұлттық банк негізгі қызметінен ауытқып, Ұлттық қор, Үкімет және ЕДБ арасындағы оператор қызметімен шектеліп қалған, егер ол дербес шешім қабылдауға мүмкіндігі болса, банктер асыранды һәм еркетотай баланың күйіне түспес еді» дейді ол.

(Соңы 8-бетте)

### ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

## Оқырман неге өкпелі?

Ойлы мақала көрсө олжаға кенелгендей қуанатын оқырман үшін газет-журналдардың уақтылы жеткізіліп тұрғаны жақсы-ақ. Соңғы кездері басылымдардың дер кезінде таратылмауы төңірегінде сын-ескертпелер жиі айтылып жүр. Бұл жайт басқа-басқа, ұлт руханиятының орталығына баланытын Алматыда ақсап жатса, алыстағы ауылдар туралы айтудың өзі қиын...

### Арман ОКТЯБРЬ, «Egemen Qazaqstan»

Технократия салтанат құрған дәуірде дәстүрлі басылымдардың болашағы бұлыңғыр дейтін пікірге бой алдыра қоймайтын ойлы оқырман күнделікті тіршілік тынысын жылт етпе сайттардан гөрі мерзімді басылымдардан оқығанды тәуір көреді. Биылғы алғашқы тоқсанда «Қазпошта» акционерлік қоғамы жариялаған деректі ескерсек, елімізде газет-журналға жазылудың

жалпы көлемі 55,6 млн дананы құраған. Бұл көп болмаса да, аз көрсеткіш емес. Ал басылымға жазылу үшін соңғы тыңын сарп еткендерді сарыла құттырып, пошта жәшігіне телміртіп қою – санаға сыймайтын іс.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл мәселені қозғауға түрткі болған оқырман хаттары. Солардың біріне назар салып көрейік.

– Мен бас басылымның 47 жылдан бері оқырманымын. Бірақ кеңестік кезеңде де және осы жылға дейін газетті

үйге алдыруда дәп осындай бассыздыққа тап болмаған едім. Үйге «Egemen Qazaqstan», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттерін, «Абай», «Мағжан» журналдарын алдырып оқимын. Электронды нұсқадан гөрі қағаз арқылы оқыған мың есе әсерлі. Бұған дейін басқа да қазақша газеттерді алып келгенмін. Биылғы шілдеден бері ол ойымнан бас тарттым. Себебі наурыздан бастап бізге қызмет көрсететін 46-пошта дұрыс жұмыс істемей, газеттерді кешіктіріп әкелді. Пошта тасушының тұрақтамайтынын айтты. Әсіресе, «Егеменнің» кешігуі шаршатты. Күнделікті жаналықтан құр қаласын. Тамызда тіпті сорақы болды: газеттердің бір аптадан кейін келуі үрдіске айналды. Себебін білдім: 46, 57, 60-пошталар біріктіріліп, газеттер 57-поштада таратылатын болыпты. Бұған да көңілді. Бір аптадай газеттер дұрыс келгендей болды.

Өткен аптада газеттер мүлдем келген жоқ. 6 қыркүйек күні сол 57-поштаға бардым. Пошта тасушының жалақының аздығына байланысты жұмыстан шығып кеткенін, бұдан былай газеттерді өзімнің алып тұруым қажеттігін айтты. Соның өзінде «Egemen Qazaqstan» газетінің 1, 3 қыркүйектегі сандары жоқ болып шықты. Кейін тауып берулерін өтініп, қызметкер әйелдердің ұялы телефондарын сұрап едім, мұндай телефон жоқ екенін сылтау етіп, шығарып салды. Жұмыстарынан айырылып қалу қаупінен болса керек. Қызмет телефондары істемейді екен, ақшасы төленбеген. Міне, оңтүстік астанадағы пошта тасымалы осындай масқара күйге жетіпті. Бұлай жалғаса берсе, ұлттық мәдениеттің маңызды бір ошағынан айырыламыз.

(Соңы 9-бетте)

